ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 26 сәуір №7119-24-00-2/4684 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ғ.Жақсыбаев,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«ЦентрЭксперт Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,
«Cash Master Astana» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,
«Nizameddinova» атты жеке кәсіпкер Аяулым Әбілханқызы Ахмедова;

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану,
2.тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы;

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

2024 жылғы 05 қаңтарда Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – МКК) мен «ЦентрЭксперт Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС-1) арасында 2024 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №004 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

ЖШС-1 шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2024 жылдың 01 наурызына дейін талап қоюшыға бағасы 4 692 800 теңге құрайтын Санитариялық-қорғау аймағының (СҚА) мөлшерін негіздеу жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды орындауға, ал МКК тапсырыс беруші ретінде жұмыстарды қабылдап алуға және олар үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімде техникалық сипаттамаға толық сәйкес жұмыстарды жасамаған, яғни шартты орындамаған.

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Ғ., 29.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 06.06.2024, судья Жақсыбаев А. Ғ., 06.06.2024
7119-24-3-1/4148

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танып, одан сомасы 140 784 теңге мөлшерінде шарттық тұрақсыздық айыппұлды өндіруді сұрады.

2024 жылғы 26 ақпанда Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – МКК) мен «Cash Master Astana» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС-2) арасында 2024 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №98 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

ЖШС-2 шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2024 жылдың 13 наурызына дейін талап қоюшыға жалпы сомасы 22 169 280 теңге құрайтын тауар – 6 дана дөнгелектерді жеткізуге, ал МКК тапсырыс беруші ретінде тауарды қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімде техникалық сипаттамаға толық сәйкес тауарды жеткізбеген, яғни шартты орындамаған.

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танып, одан сомасы 332 539 теңге мөлшерінде шарттық тұрақсыздық айыппұлды өндіруді сұрады.

2024 жылғы 29 ақпанда Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – МКК) мен «Nizameddinova» атты жеке кәсіпкер Аяулым Әбілханқызы Ахмедова (бұдан әрі – ЖК) арасында 2024 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №137 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

ЖК шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2024 жылдың 16 наурызына дейін талап қоюшыға жалпы сомасы 1 495 000 теңге құрайтын тауар – 50 дана құрылыс торыларды жеткізуге, ал МКК тапсырыс беруші ретінде тауарды қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімде техникалық сипаттамаға толық сәйкес тауарды жеткізбеген, яғни шартты орындамаған.

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танып, одан сомасы 22 425 теңге мөлшерінде шарттық тұрақсыздық айыппұлды өндіруді сұрады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 29.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 06.06.2024, судья Жаксыбаев А. Г., 06.06.2024
7119-24-3-1/4148

залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

АПК-нің 267-3-бабының 6 және 7-тармақшаларында көрсетілгендей ссы Кодекстің 267-1-бабының екінші бөлігінде белгіленген мерзімдер сақталған кезде сот осы Кодекстің 267-1-бабы үшінші бөлігінің 5) және 6) тармақшаларында көзделген жекелеген процестік әрекеттерді жүргізуге құқылы. Жекелеген процестік әрекеттер жүргізілгеннен кейін оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізуді одан әрі жүзеге асыру қосымша ұйғарымдар шығарылмастан жалғасады. Сот тараптар ұсынған құжаттарда жазылған түсініктемелерді, қарсылықтарды және (немесе) дәлелдемелерді зерттейді және шешім қабылдайды.

Іс бойынша жекелеген процестік әрекеттер жүргізген, алайда АПК-нің 267-3-бабының 6-тармағына сәйкес жеке сот әрекеттерінде жауапкер жағынан уәждерін растайтын құжаттар мен басқа дәлелдер ұсынылған жоқ.

2024 жылғы 05 қаңтарда ЖШС-1-мен шарт жасалған.

Шарттың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай жұмыстарды орындау мерзімі 2024 жылдың 01 наурыз.

2024 жылғы 26 ақпанда ЖШС-2-мен шарт жасалған.

Шарттың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай тауарды жеткізу мерзімі 2024 жылдың 13 наурыз.

2024 жылғы 29 ақпанда ЖК-мен шарт жасалған.

Шарттың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай тауарды жеткізу мерзімі 2024 жылдың 16 наурыз.

Талап арызда өнім берушілернің шарттардың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттардың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкерлер шарттардың талаптарын бұзған, осыған байланыста қазіргі уақытта шарттар бұзылған.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында өнім берушілернің шарттарды орындамағандарын ескере отырып, сот оларды мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сонымен қатар, сот шарттар бойынша 140 784 теңге, 332 539 теңге және 22 425 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді, себебі шарттардың

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 29.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 06.06.2024, судья Жаксыбаев А. Г., 06.06.2024
7119-24-3-1/4148

талаптарына сәйкес міндеттемені орындау мерзімін кешіктірілген жағдайда, тапсырыс беруші орындаушылардан әрбір кешіктірілген күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды.

жауапкерлердің әрекеттерінде шарттардың талаптарын бұзуының бар болғанына байланысты айыппұлды төлеуден босатылуға жатпайды.

Сот шығындары АПК-нің 109 және 117-баптарында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкерлер «ЦентрЭксперт Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, және «Nizameddinova» атты жеке кәсіпкер Аяулым Әбілханқызы Ахмедоваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылары деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы - толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ЦентрЭксперт Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «ЦентрЭксперт Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 140 784 (жүз қырық мың жеті жүз сексен төрт) теңге тұрақсыздық айыбы және 4 224 (төрт мың екі жүз жиырма төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «ЦентрЭксперт Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Cash Master Astana» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Cash Master Astana» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 332 539 (үш жүз отыз екі мың бес жүз отыз тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 9 976 (тоғыз мың тоғыз жүз жетпіс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Cash Master Astana» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Nizameddinova» атты жеке кәсіпкер Аяулым Әбілханқызы Ахмедова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Nizameddinova» атты жеке кәсіпкер Аяулым Әбілханқызы Ахмедовадан Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 29.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 06.06.2024, судья Жаксыбаев А. Г., 06.06.2024
7119-24-3-1/4148

жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 22 425 (жиырма екі мың төрт жүз жиырма бес) теңге тұрақсыздық айыбы және 673 (алты жүз жетпіс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Nizameddinova» атты жеке кәсіпкер Аяулым Әбілханқызы Ахмедовадан мемлекеттік кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Ғ., 29.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.06.2024, судья Жақсыбаев А. Ғ., 06.06.2024